

Иордания королі Абдалла II бен Хусейннің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 7 қарашадағы N 313-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Иордан Хашимиттік Корольдігі арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2005 жылғы 8-10 қараша кезеңінде Астана және Алматы қалаларында Иордания королі Абдалла II бен Хусейннің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 2005 жылғы 8-10 қараша кезеңінде Астана және Алматы қалаларында Иордания королі Абдалла II бен Хусейннің Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Иордан Хашимиттік Корольдігінің ресми делегациясы (бұдан әрі - делегация) мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2005 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету" және "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) делегация мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген
т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Иордания королі Абдалла II бен Хусейннің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы

қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұшып шығуын;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана және Алматы қалаларының әкімдері делегацияны қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды, әуежайды және көшелерді безендіруді, сондай-ақ мәдени бағдарламаны ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

7. Алматы қаласының әкімі Иордания королі Абдалла II бен Хусейннің құрметіне қабылдау ұйымдастырсын.

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана және Алматы қалаларының әуежайларында Иордания королі Абдалла II бен Хусейнді қарсы алу және шығарып салу ресми салтанатына қатыссын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 7 қ а р а ш а д а ғ ы

№ 3 1 3 - ө ө к і м і н е

қосымша

**Иордания ресми делегациясының мүшелерін орналастыру,
тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету
жөніндегі ұйымдастыру шаралары**

1. Делегация мүшелерін (1+10 форматы бойынша) және бірге жүретін адамдарды Астана қаласының "Rixos President" және Алматы қаласының "Риджент Алматы" қонақ үйлеріне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Rixos President" және "Риджент Алматы" қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсаттамалар, куверттік карталар, қабылдауларға шақырулар) дайындау.

4. Делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Делегацияны қарсы алу және шығарып салу кезінде Астана және Алматы қалаларының әуежайларында шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Иордания королі Абдалла II бен Хусейннің құрметіне ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК